




Әлемдегі ерекше адамдар

Орындаған: Абай Айгерім

Тобы: Деф-15.1



Жер бетін мекендеген 7 миллиард адамның әрқайсысын Жаратушы ерекше етіп жаратқан. Дегенмен, әрқайсысының көптің ішінен ерекшеленіп, елдің назарын өзіне аударғысы келіп тұратындар табылады. Бүгінде өзгеше көріну үшін біреулер бүкіл денесін бояп жатса, енді біреулері шаш пен тырнағын өсіріп әлек. Осылай тыраштанбаса да, туғаннан табиғатын ерекше етіп жаратқан, болмысы бөлек адамдар жер бетінде баршылық. Мұндай ерекшеліктері біреулеріне үлкен танымалдылық әкелсе, енді біреуінің өміріне кері әсер етіп жатады. Сонымен қатар мен осы тақырыпта 10 ерекше адамға тоқталғым келіп отыр.

Өткен ғасырда өмір сүрген Соломон Шерешевский жұртты өзінің есте сақтау қабілетімен таңдандырған. Бұл адам көптеген сандардан құралған үлкен кестені бір қарағаннан-ақ есте сақтап алған. Осы кестені ондаған жылдардан кейін тағы да сұраса, ешқандай қатесіз айтып шыққан болатын. Бұл қабілеті оның жұмысына да үлкен көмегін тигізген. Циркте жұмыс істеген Соломон көрерменді түрлі сандар мен сөздерді бірден жаттап алуымен таңдандырған.



Ерекше жаратылған адамдардың бірі – Вим Хоф. “Мұз адамы” деген атпен танымал Вим ешқашан суықты сезбейді екен. Осы қасиетінің арқасында ол өте төмен температураға қзақ уақыт бойы төзе алады. Ол Альпі тауларының ішіндегі ең биігі – Монблан тауына жалаңаяқ шыққан. Сондай-ақ. Мұз толтырылған бөшке ішінде де ұзақ уақыт бойы отырған. Әлемдік рекордты бірнеше рет жаңартқан. Соның бірі. Мұздың ішінде 72 минут бойы отырған. Ал. Жай адам мұндай жағдайда 15 минуттан кейін-ақ есінен таңып, 1 сағаттан соң өліп кетер еді. Дәрігерлер оның денсаулығынан ешқандай ауытқушылықты байқамаған. Тағы рекордының бірі, қар жамылған далада 21 км бойы жалаңаяқ жүруі. Суыққа төзімділігін 17 жасынан байқап, содан бері ол табиғаттың дүлей күшне қарсы өзін сынап келеді.



17 жасар Натали Купер әлемдік медицина шеше алмайтын жұмбақ адам. Оның ағзасы Тіс-Тас кәмпітінен басқа нәрсені ағзасы қорыта алмайды. Сондықтан ол күніне 900.000 данасын жеп отыруы тиіс.



Адам шамадан тыс тамақтанса, артық салмақ қосатыны белгілі. Алайда, әлемде өте майлы, өте көп тамақ ішсе де ешқандай салмақ қоспайтын адам кездеседі. Ол – Ұлыбританияның тұрғыны Перри деген адам. Өзінің қалаған тамағын қанша ішсе де, 1 грамм да май қоспайды. Бала кезінде өте толық болған. 12 жасқа толғанда бірден азып кеткен. Перриді толықтай тексеруден өткізген дәрігерлер оған “липодистрофия” деген диагноз қояды. Бұл ауру емес, тек ағзаның өзіндік ерекшелігі. Оның ағзасына түскен тағам бірден қорытылып кететін болған.



Ұзақ уақыт бойы көз ілмеген , ұйықтамаған бала жайлы естуіңіз барма? 2006 жылы дүниеге келген Рэтт Ламб туғаннан ұйқы дегеннің не екенін білмеген. Оның өз қатарластарынан еш айырмашылығы жоқ, өзгелер секілді күліп-ойнап жүреді. Күндіз ғана емес, түнде де солай. Алғашқыда ата-анасы мен жергілікті дәрігерлердің алаңдаушылығынан балаға кейіннен бүкіл әлемнің дәрігерлері қызығушылық таныта бастайды. Бірақ, дәрігерлер қанша тырысса да, бұл феномның құпиясын ашу оңайға түскен жоқ. Бала 3 жасқа келгенде –ақ оған “Арнольд-Киари” ауруы деген диагноз қояды. Яғни, бала миының ұйқыға жауап беретін бөлігі бассүйекте қысылып қалған. Басында Рэттің денсаулығында еш өзгеріс байқалмағанмен, кейіннен мінез құлқында өзгерістер пайда болған. Дәрігерлер үлкен тәуекелге барып, өте ауыр ота жасайда. Ота сәтті өтіп, өзгелерден еш айырмашылығы жоқ балаға айналған.



Ағылшындық Кэй Андервуд қатты толқығанда есінен танып қалады екен. Мейлі ол қатты күлсін, жыласын, ашулансын, қорықсын бәріне де есінен танып қалып отырған. Кейде күніне 40 рет естен танаын кездр жиі кездескен.



Қазіргі таңда шаң-тозаңға, шөпке, тамаққа болатын аллергиялар өте көп. Алайда судан аллергия шығатынын естіп пе едіңіз? Денесіне 1 тамшы су тамып кетсе, бірден бөртпе басатындар да бар екен. Ғалымдар оны “су есекжемі” деп атайды. Мельбурнда тұратын Эшли Моррис осындай ауруға шалдыққан. Су тұрмақ денесіне 1 тамшы тер шықса да, аллергиясы қозып. Денесіп бөртпе басып кетеді екен.



Найзағай бір түскен жеріне қайта түспейді деп жатады. Алайда колумбиялық Александ Мандон Өзіп 4рет найзағайдың нысанасына іліктім деп тұжырымдайды. Алғаш рет оған найзағай 2012 жылы түскен. Сол кезде аман қалған жігіттің қуанышы ұзаққа бармаған. Біраз уақыт өткеннен кейін тағы найзағай астында қалған. Біраз уақыттан кейін оны әскерге шақырады. Бірақ ол жақта найзағай маза бермеген көрінеді. Ол жігітті кезекті найзағай соққанда, оны үйіне қайтарып жібереді. Үйіне келген соң ол найзағайдан қорғанып жүреді. Ашық жерде жүрмей, жартылай ашық терезе тасасында да тұрмаған. Десе де оны отты жалын қайта тауып алған. Дәрігерден қайран болмағасын, бақсы-балгерлерге де барған. Олар жер адамдағы электр зарядын сорып алады деген тұжырыммен қазулы көрге де жатқызған



Раджа Мохан Неир есімді азамат тоқты еш қиналмастан көтере береді. Электр тоғы адам өміріне өте қауіпті екені белгілі. Алайда, бұл “электрадам” бірнеше ампер тоқтың күшін төтеп береді. Басқа адам осы көлемдегі тоққа түссе, бірден өліп кетер еді. Раджа Мохан электр желісінің бойынан өтіп тұрған тоқты өз бойынан өткізе адады. Бір ұшын тіліне тигізіп, аяғына дейін бүкіл денесінің бойымен өткізеді. 7 жасында осы қабілетін байқаған. Анасы өлген соң қайғырған бала суицид жасауға бел буады. “тоққа түсіп өлем” деге оймен трансформатордағы сымға жабысады. Осы оқиғадан аман қалған Раджа осы қабілеті туралы айналасындағыларға айта бастады. Қызығушылық танытқан ғалымдар “электрадамның” басқаларға қарағанда 10 есе көп тоққа төзетінін анықтаған.



Линкольндік музыкант Крис Сэндс соңғы 20жыл бойы ықылықтағаны тоқтамаған. Ұйқыға кетсе де , ықылық атқаны тоқтамайды екен. Не медицина, не йога, керек десеңіз, гипноз да көмектеспеген екен.

